

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Асылбекова М.П.¹, *Шалгынбаева К.К.², Шолпанқұлова Г.К.³

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru

*²п.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: kadisha1954@mail.ru

³п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

e-mail: sh.gul@mail.ru

Андатпа. Мақалада Атырау облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтаудың маңыздылығы сипатталған. Сондықтан жасөспірімдердің буллинг және кибербуллинг туралы білуін, сондай-ақ осы құбылыстардың олардың арасында орын алуын анықтайтын бірнеше сұрақтардан тұратын сауалнама қолданылды. Жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу шаралары мектептердегі буллинг деңгейін және оның Атырау облысындағы жасөспірімдердің буллинг және кибербуллинг жағдайларындағы мінез-құлқына, эмоционалдық реакция сипатына әсерін айқындау мақсатында жүргізілген талдау нәтижелерін сипаттауға мүмкіндік береді. Буллинг және кибербуллинг жасөспірімдердің мәселесі болып табылады, өйткені бұл жас санаты қоршаған факторлардың әсерінен аз қорғалған. Сонымен қатар, буллинг пен кибербуллингтің дамуына отбасындағы тәрбие мен білім беру ұйымдарының микроклиматы да ықпал етеді. Егер білім беру үдерісінің барлық қатысушылары буллинг мәселесімен белсенді айналысатын болса, онда көптеген қақтығыстардың алдын алу ықтималдығы жоғары болады. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу қауіпсіздік, ескерту, кедергілерді жою және бақылау аспектілерін қамтуы тиіс. Сондықтан жасөспірім басқаларға агрессорлар қолданатын қысым туралы айтуға қорқады, соның салдарынан ол тұйықталады, қорқыныш пен дүрбелең сезімі пайда болады. Осыған байланысты мектепте оқушылармен және мұғалімдермен жұмыс жасай отырып алдын алу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ осы екі құбылыстың пайда болуына уақтылы жауап беру үшін сыныптағы мінез-құлық пен атмосфераны үнемі бақылау қажет.

Тірек сөздер: буллинг, кибербуллинг, құқық бұзушы, зорлық-зомбылық, психологиялық қорғаныс, әлеуметтік-психологиялық ерекшелік, эмоционалды және агрессивті реакция, рефлексия

Негізгі ережелер

Бүгінгі таңда буллинг мәселесінің өзектілігі артуда. Өйткені, буллинг оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасына, сондай-ақ мектеп немесе қоғамдық нормаларға байланысты күрделі факторлардың өзара әрекеттесуінен туындайды. Көптеген себеп-салдарға және сан алуан түрлі факторларға байланысты мектепте оқушылар арасында буллингтің кең таралуының әлемдік тәжірибесі

калыптасқаны белгілі. Мақалада Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, ғылым комитетінің мақсатты бағдарламалық қаржыландыру гранттық жобасы аясында BR 185744152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы орындалған зерттеу нәтижелері мазмұндалады. Мақаланың мақсаты Атырау облысы бойынша оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу тәжірибесін жариялау болып табылады. Эксперимент барысында оқушылардың буллинг, оның қандай формада болатыны, қудалау, қорлау әрекеттеріне қатынасы, зорлық-зомбылыққа ұшырау себептері, мұғалімдер тарапынан қысым жасау жағдайлары және осындай жағдаяттарда не істеу керектігі жөніндегі түсініктерін айқындау мақсатында арнайы құрастырылған сауалнамалар арқылы психодиагностикалық зерттеулер жүргізілді. Мақалада оқушылармен жүргізілген жұмыстарға жасалған талдау нәтижелері ұсынылады.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында мектептегі жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың ерекше түрі буллингтің алдын алу және оған қарсы әрекет ету, сонымен қатар оқушылар арасында осы мәселе жөнінде хабардар болуына мүмкіндік беретін қарапайым дағдыларды қалыптастыру бағыттанда кешенді іс-шаралар бағдарламалары іске асырылуда. Бүгінгі таңда қашықтан оқыту кезінде балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық қызмет көрсетіліп, кеңес беру жжұмыстары жүргізілді, дағдарыс жағдайындағы тұлғаларға дер кезінде қолдау көрсетілді, арнайы ұйымдармен жұмыстар жүргізілуде, мектеп педагог-психологтарына көмектесу мақсатында іс-шаралар жоспары қабылданды» -делінген [1].

Еліміздің Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы Жолдауында: «қарастырылып отырған мәселелемізге қатысты іс-шаралар ұйымдастыруға басымдық бере отырып, әрбір баланың құқығын қорғау, үйдегі зорлық-зомбылыққа жол бермеу қажеттілігіне назар аударды. Сондықтан жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау мәселесін арнайы зерттеудің қажеттілігін, буллинг және басқа да жәбірленген балалар мен олардың отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеуіміз қажет»-деп атап өткен болатын [2].

Өйткені, қазіргі таңда, барлық дүниежүзіндегі балалар мен жасөспірімдердің білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер, тәрбиешілер тарапынан және көбінесе, балалар мен жасөспірімдердің өздерінің арасындағы жағдайлардың (мазақ ету, кемсіту, қорлау, қорқыту және т.б.) ықпалынан зорлық-зомбылыққа тап болуда. Бүгінде жалпы білім беретін мектептерде буллингтің көптеген түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы баспасөз қызметінің 2020 жылғы мәліметтері бойынша 11-15 жастағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім ай сайын буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болып отырғаны жайлы ақпарат беріледі [3].

Бұл қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде білім беру үдерісіне қатысушылардың өміріне қауіп төніп отырғанын көрсетеді. Себебі, буллинг салдары – тікелей де және жанама түрде – балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік және жеке тұлғалық дамуына терісін тигізуде. Әсіресе, көптеген балалар мен жасөспірімдердің ата-аналары буллингтің баланың менталдық денсаулығына тигізетін зардабын жеткілікті біле бермейді.

Сондықтан балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингті ерте анықтау және оның алдын-алу мәселелерін әлеуметтік-психология, әлеуметтік педагогика мен заң ғылымдары салалары бойынша ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан зерттеу өзектілігін айқындайды.

Себебі, жан-жақты дамыған тұлға қоғамдық нормаларды ұстануымен ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір топтық, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға бағытталуымен ерекшеленеді. Құндылықтар нысан жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға - бұл өзінің нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалауы тұрғысынан жеке дара қасиеті қалыптасқан, не нәрсеге бейімі бар екетін білетін субъект. Осы аталған қасиет сапаларды жеке тұлғаның өзімен байланыстыруы оның нақты мінез-құлқының реттеушісі болып және іс-әрекетінің дәрежесін, бағыттылығын, қарқындылығын, мазмұнын анықтайды. Ол өзінің мүмкіндіктерін ашу процесінде қоғамның, топтың талаптарын ұжым шеңберінде саналы бағалауымен белсенді әрекет етеді. Сондықтанда өзін-өзі анықтаған жеке тұлғаның көрсеткіші ретінде тек субъектіні қабылдау әлеуметтік маңызды іс-әрекет жасауға даярлықтың, қарым-қатынасты жаңғырту ғана емес, шынайы іс-әрекеттің көрсеткіші болып табылады.

Мектеп ортасындағы буллинг және кибербуллинг қоғамды көптен бері алаңатып отырған мәселе. Бұл өте қауіпті, себебі қорқыту екі тең тараптың арасындағы қақтығыс қана емес, ол адамдар тобының бір адамға қатысты әдейі жүйелі агрессивті мінез-құлқы, оның ішінде әлеуметтік-психологиялық немесе физикалық күштердің теңсіздігі. Мәселен кибербуллинг – бұл интернет-технологияларды, компьютерлерді, гаджеттерді және басқа да электрондық құралдарды қолдану арқылы біреуге мақсатты түрде және қайталамалы келтірілетін зиян. Бұл физикалық күш көрсету ғана емес, психологиялық қысым жасау, әлеуметтік жазалау, басқалардың қорқынышын тудындату, қорлау және сның негізінде басқа адамды өзіне бағындыруға бағытталған және басқа да формада жүзеге асады. 1980 жылдары Д.Ольвеус жүргізген буллинг туралы алғашқы зерттеулерге сәйкес Швеция мен Норвегияда мектеп оқушыларының 15%-ы үнемі қорқытатын, 9%-ы зорлық-зомбылықты бастарынан кешірген, 7%-ы аңдуларды, 2%-ы екі рөлді ауыстырып отыратыны анықталған [4].

Ал, 2007 жылғы мәліметтер бойынша, АҚШ та оқушылардың 32%-ы мектептегі қорлауды бастарынан кешірген, яғни келемеждеу, өсек тарату, ұрып-соғу, түкіру, қорқыту, қарым-қатынастан бас тарту және өздері

каламаған нәрселерді жасауға мәжбүр болу немес олардың мүлкіне зиян келтіру [5].

Жалпы буллингті топтың ерекше жағдайы ретінде сипаттаудың теориялық негіздері А.Бион мен Р.Жирандтың теорияларынан бастау алады. Тұлғаны қорлау факторы туралы Д. Ольвеус пен оның ізбасарларының, сонымен қатар Ресейлік ғалымдар С.Н.Эниколопова, Е.А.Гусейнова, Ю.Е.Гусева және т.б. зерттеулері болды [6].

Зерттеу барысында Қазақстан ғылымы порталындағы педагогика, психология және заң, құқықтану мен әлеуметтану ғылымдары бойынша 1995-2022 жылдар аралығында қорғалған докторлық және кандидаттық диссертацияларға контент талдау жасалды. Осы талдау нәтижесінде жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасындағы жасөспірімдердің жеке басының дамуындағы биоәлеуметтік ауытқулардың сипаты мен оларды арнайы мектеп жағдайында түзету мен қайта тәрбиелеу, ерекше тәрбие жағдайларына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектеп материалдарындағы девиантты мінез-құлық, жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту және адамгершілік-құқықтық тәрбиелеудің педагогикалық шарттарын айқындату мен жабық мекемелерде азғындық мінез-құлқы бар тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселелерінің ғылыми педагогикалық және психологиялық негіздері мазмұндалған, сондай-ақ, жасөспірімдердің асоциалды мінез-құлқының отбасы мен жақын маңдағы микроортаның әсер ету сипатына тәуелділігі анықталғаны белгілі болды. Атап айтқанда, Д.К. Казымбетованың зерттеуінде жасөспірімдер мен жастардың арасындағы девиантты мінез-құлық әлеуметтану ғылымы тұрғысынан қарастырылса, Б.А. Куанышбек және С.Б. Дүзбаеваның ғылыми зерттеулерінде Қазақстандағы адамға қарсы ауыр зорлық-зомбылық қылмыстарының детерминанттары, виктимологиялық алдын алу әдістері анықталып, зерттеудің жаңа индикаторы ретінде виктимологиялық статистика ұғымының анықтамасы тұжырымдалып, «зорлық-зомбылық» ұғымының мәні мен оның түрлері анықталады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы және Алматы қалаларындағы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жай-күйін, динамикасын, құрылымы мен сипатын көрсететін ұлттық заңнама нормалары, статистикалық деректер мен кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына криминологиялық талдау жүргізу олардың жеке басының ерекшеліктері зерттеліп, ірі мегаполис жағдайында кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына ықпал ететін факторлардың ерекшеліктері анықталған. Алматы қаласының материалдары негізінде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу мәселелері жан-жақты қарастырылып, бірқатар құнды ұсыныстар берілген. С.К.Кумусбековтың диссертациялық жұмысында, кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқына криминологиялық талдау жасалынып, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының тиімділігін жетілдірудің жолдары айқындалған [7].

Отандық зерттеуші К.М. Арымбаева «жасөспірім – барлық қатынас жағынан ересек адам деп қарастырылады. Алайда жасөспірімдерді «толық

адам» деп айта алмаймыз, себебі, дәл осы кезеңде жеке тұлғаның қоғамға әлеуметтік бейімделуі қарқынды жүреді. Ата-аналар мен мектеп жасөспірімдерді, еңбекке, оқу-танымдық және мәдени-қоғамдық, саяси іс-әрекеттерге, отбасы жағдайына, қоғамдық борышты өтеуге тәрбиелеуде зор мән бар», - деп есептейді [8].

Осы тұрғыдан алғанда, жасөспірім – бұл адам өміріндегі қалыптасудың ең қиын кезеңі. Дәл осы кезеңде адам дамуының барлық негізгі сипаттамаларының өзгеруі белсенді жүреді: биологиялық, физиологиялық, жекеленген әлеуметтік-психологиялық болып бөлінеді. Нәтижесінде жеке тұлғаның оқу іс-әрекетінде, құрдастарымен, мұғалімдермен және ата-аналармен қарым-қатынаста өзгерістер пайда болады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің физикалық қабілеттері артады, жыныстық жетілу басталады, гормоналды өзгерістер орын алады, сыртқы түрі мен мінез-құлқы өзгереді. Осы кезеңдегі маңызды жаңатұлғалық қалыптасу – бұл өзін-өзі танудың жаңа деңгейінің қалыптасуы, өзіндік тұжырымдамалар, өзін-өзі түсінуге деген ұмтылыс, оның мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, басқа адамдармен ұқсастықтары мен айырмашылықтары болып табылады. Сондай-ақ, ересектер сезімі сияқты тұлғалану пайда болады, жасөспірім өзін ересек адам ретінде көрсете бастайды, ересек адам сияқты әрекет етуге тырысады. Осы өзгерістердің аясында жаңа қажеттіліктер пайда болады, жетекші қызмет түрі ауыстырылады, құрдастарымен қарым-қатынас және олардың пікірлері жасөспірім үшін маңызды болады, осыған байланысты көптеген қақтығыстар орын алады. Жасөспірімдер жанжалды жағдайларды психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықтың басым түрлерін (айыптау, агрессия және т.б.) қолдана отырып, басқа да талаптар түрінде шешеді. Жанжалды жеңуге тырысып, жасөспірімдер психологиялық қорғаныс, эмоционалды және агрессивті реакция, физикалық қалпына келтіру, рефлексия сияқты механизмдерді қолданады. Бұл жаста сыртқы қақтығыстар – айналасындағы адамдармен, сондай-ақ өтпелі жасқа байланысты жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар орын алады.

Ст. Холл мінез-құлқындағы қарама-қарсы сезімдер (амби-валенттілік) пен ақылға қайшы келетін (парадоксальдылықты) жеке бөліп алып, былайша сипаттайды: жеткіншектер мен жасөспірімдерде шамадан тыс белсенділік – аяқтың шырмалуына, тым ерекше көңілділік – уайым-қайғыға, өзіне деген сенімділік – ұяндық пен үрейге, адамгершілік жағымды қасиеттерінің жоғары деңгейдегі қарқынының күрт төмендеуіне, еркін қарым-қатынас – тым нәзік сезімталдық апатияға, белсенді құштарлық – эгоизмге, білімге деген қызығушылық – белгісіздікке, бақылау жасау мен әуестілікке алып келуі мүмкін. Автор бұл кезеңді «боран мен тегеурін» кезеңі деп атап, жасөспірім кезеңінің мазмұнын «өзіндік сана-сезім» дағдарысы деп сипаттайды, жасөспірім осы айталғандарды басынан өткеріп, жеке даралық сезіміне ие болады», - деп тұжырымдайды [9].

Демек, жасөспірім үшін, эмоционалды өмір маңызды болады, сыртқы әлеммен және сыртқы келбетімен тәжірибе жасау қажеттілігі оянады, құрдастарымен қарым-қатынас, араласу және жақын достық, қауесеттердің

ашылуы және өз құпияларын досымен бөлісуге деген ұмтылыс бірінші орынға шығады. Жақын қарым-қатынас пен қақтығыстарды жоғалту жалғыздық немесе жоғалту сезімін күшейтеді. Жаңа байланыстарды орнату және стрессті жеңілдету құралы телефон арқылы ұзақ уақыт сөйлесу болуы мүмкін. Жасөспірімдердің эмоционалдық тұрақсыздығын ескерсек, бұл көріністер жанжал мен қорқыту – буллингтік жағдайлардың пайда болуына алып келеді.

Көптеген зерттеушілер ұлдардың қыздарға қарағанда агрессивті мінез-құлыққа көбірек бейім екендігімен келіседі, бұл олардағы физикалық және жанама агрессия басым болуына деп санайды. Жасөспірім қыздарда ауызша агрессия, күдік, ашуланшақтық, негативизм және дұшпандық басым болады. Олар агрессияны жасырын түрде білдіруге тырысады. Бұнда ұлдардың агрессивті мінез-құлқын қоғамдық мақұлдаумен және қыздардың осындай мінез-құлқын айыптаумен байланысты деп болжанады. Ұлдарда буллинг жағдайын жасаудың себептерінің бірі - көшбасшылыққа деген ұмтылыспен бір уақытта пайда болатын кемшілік кешені. Бұл топтың әлсіз мүшесін басып-жаншу арқылы басқаларды тануға ұмтылу қажеттілігін дамытуға алып келуі мүмкін [10].

Зерттеушілердің «құқық бұзушы» рөлін атқаратын ұлдардың жеке ерекшеліктері туралы пікірлері де сан алуан түрлі: кейбіреулер дабыл, қорқыныш және алаңдаушылық, стандарттылық, тыйым – бұл шешім қабылдаудағы көзқарастардың сәйкес келмеуін, оқшаулану – ішкі әлемнің басқалардан құпиялылығын, өз-өзіне күмәндану – өзін-өзі растау үдерісін сипаттайды. Басқа зерттеушілер «құқық бұзушылар» отбасылық тәрбие стиліне қарамастан импульсивті деп санайды. Отбасы баланың жеке басының қалыптасуына үлкен әсер ететіндігін жоққа шығаруға болмайды, ал жасөспірім агрессивті мінез-құлықты ата-анасынан көшіре алады, әсіресе егер, отбасында эмоционалдық тұрақсыздық болса және дене, физикалық жазалар мен зорлық-зомбылық қолданылса [11].

Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында тақырыпқа сәйкес жинақталған ғылыми диссертациялық зерттеулер мен жарияланымдарды іздестіру-жинақтау, жүйелеу және талдау, салыстыру мен тұжырымдау, арқылы жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллинктің аймақтық жағдайын диагностикалау мақсатында жүргізілген сауалнамаларды өңдеу және басқа да зерттеу әдістері қолданылды. Сауалнамаға Атырау облысы мен Атыру қаласындағы мектептердің 5-10 сыныптар аралығындағы оқушыларды қатыстырылды. Сауалнамаға жалпы саны бойынша барлығы 1640 оқушы қамтылды. Сауалнама мына төмендегідей сұрақтардан тұрады:


1. Сіз буллинктің не екенін білесіз бе?
2. Кейбір адамдар басқаларды қорлайтын жағдайларды кездестірдіңіз бе?
3. Кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз?
4. Өзіңіз қудалау, қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?
5. Бұзақылық қай жерде жиі кездеседі?

6. Сіздің ойыңызша, кімдер зорлық-зомбылыққа көбірек ұшырайды?
7. Мұғалімдердің мектеп оқушыларына қысым жасау жағдайларын кездестірдіңіз бе?
8. Сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға ересектер жеткілікті түрде көмектеспейді деп ойлайсыз ба?
9. Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында қорлауды болдырмауға болады ма?
10. Білім беру ұйымындағы бұзақылықты кім тоқтата алады деп ойлайсыз?
11. Сіз сыныпта мені төмен бағалайды және сыйламайды деп ойлайсыз ба?
12. Егер де, сыныптасымды менің алдымда ренжітсе, мен...
13. Сен жалғыздық пен алаңдаушылықты жиі сезінесің бе?
14. Менің сыныптастарым менен жақсырақ сияқты деп ойлайсың ба?
15. Сыныптастарыңның арасында достарың көп пе?
16. Сенің сыныбыңда саған ұнамайтын балалар бар ма?
17. Сіздің ойыңызша, қорлау мәселесі бойынша кімнен көмек күтуге болады?
18. Сіздің сыныбыңыз қаншалықты ұйымшыл?

Нәтижелер және талқылау

Жоғарыдағы сауалнамаға қатысушылардың жасы мен жынысы жайлы мәліметтер нәтижесіне талдау жасайтын болсақ, сауалнамаға қатысқан оқушылардың жалпы саны – 1642, олар 11-15 жас аралығын қамтыды, оның ішінде, 12 жастағы оқушылар саны – 399, жалпы қатысушылардың 24,3%, 14 жастағы оқушылар саны – 767, ол 46,7%, 13 жастағы оқушылар саны – 394, ол 24% көрсетсе, 57,6%-ы қыз бала, 42,4% ұл бала, сонымен бірге оқушылардың 42,5% буллинг және кибербуллингтің не екенін білмейтінін көрсетсе, ал 57,6% жақсы білетін болып шықты (1,2 -диаграммалар).


1– диаграмма




1-2-ші диаграммадан байқағанымыздай, көрсеткіштер сауалнамаға қатысқан оқушылардың басым бөлігі қыз балалар екенін және буллинг пен кибербуллингті жақсы білетіндерде қыз балалар екендігін көрсетеді. Бұл ұл

балаға қарағанда қыз балаларда басым болуын, олардың психологиялық ерекшелігін айқындаудың қажеттілігін көрсетеді.

2– диаграмма



Сіз буллингтің не екенін білесіз бе?
1 642 ответа




«Кейбір адамдар басқаларды қорлайтын жағдайларды кездестірдіңіз бе?» деген сұраққа 46,3% кездестірдім деп, 52,7% ешқашан кездестірмедім десе, 1% иә, мен жасадым деп жауап берген. «Кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз?» деген сауалнамаға 71,4% балағаттау десе, ал 24,5% намысына тиіп қорлау деп, 4,1% физикалық зорлық көрсетуді атайды. Бұл қорлайтын жағдайлардың және олардың әртүрлі формада жүзеге асырылуының оқушылар психологиясына әсер етіп, қорқыныш тудыруға немесе оған үйреніп қалуға алып келетін келеңсіздіктер (3-диаграмма).

3 – диаграмма


Кейбір адамдар басқаларды қорлайтын жағдайларды кездестірдіңіз бе?

1 642 ответа



Кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз?

1 642 ответа




«Өзіңіз қудалау, қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?» деген сауалнамаға қатысушылардың 1516 (92,4%) жоқ болмадым деп жауап берсе, 42 оқушы 8,25% иә, бақылаушы ретінде деп жауап береді, 2,6% -иә, жәбірленуші болғанын айтады. «Бұзақылық қай жерде жиі кездеседі?» деген сұраққа оқушылардың 20,1%- мектепте деп жауап берсе, 35,4% аулада, көшеде деп, ал 44,6% әлеуметтік желілерде, интернетте деп жауап берген. Демек, буллинг пен кибербуллинг құбылыстарының жасөспірімдер көп болатын орталардың барлығында да орын алуы қалыпты көрінетінін байқауға болады. Бұл әрине мектептегі оқушылар арасында буллингтің бар екендігін дәлелдейді, ол оқушылардың психологиялық, эмоционалдық күйзелісін тудыруы мүмкін екендігін дәлелдейді (4-диаграмма).

4 – диаграмма


Өзіңіз құдалау, қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?

1 642 ответа



Бұзақылық қай жерде жиі кездеседі?

1 642 ответа




«Сіздің ойыңызша, кімдер зорлық-зомбылыққа көбірек ұшырайды?» деген сауалнамаға 1123 оқушы, яғни, 68,5% әлсіз және қарсы тұралмайтындар десе, ал 235 оқушының 14,3% басқалардан ерекшеленетіндер (сыртқы келбеті бойынша, физикалық) болса, 17,2% пікірлері өзгеше оқушылар деп жауап береді. Олай болса, жасөспірімдердің басым бөлігі өз жауаптарында зорлық-зомбылықтың құрбандары көбінесе мінез құлқы жуас, денсаулығы әлсіз, дүниетанымдық көзқарасы тұрақталмаған, тұрақсыз, өзін-өзі бағалауы төмен балалардың тап болатынын сипаттайды. «Мұғалімдердің мектеп оқушыларына қысым жасау жағдайларын кездестірдіңіз бе?» деген сауалнамаға 75,7% жоқ, мен кездестірген жоқпын десе, 21% -иә, бірақ сирек деп жауап берген, ал, 3,3% иә, үнемі болып тұрады деген. Сондықтан бұл көрсеткіштер зорлық-зомбылықты анықтауда алдымен мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын анықтау қажет деп тұжырымдауға негіз болды (5-диаграмма).

5– диаграмма


Сіздің ойыңызша, кімдер зорлық-зомбылыққа көбірек ұшырайды?

1 642 ответа



Мұғалімдердің мектеп оқушыларына қысым жасау жағдайларын кездестірдіңіз бе?

1 642 ответа




«Сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға ересектер жеткілікті түрде көмектеспейді деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа 72,3% бұл туралы ойламадым десе, 13%- жоқ деп, ал 14,7% иә деп жауап берген. Зерттеу нәтижелері оқушылардың зорлық-зомбылықтың жоғарыдағы аспектілерінің сыртқы және ішкі өзіндік бақылаумен байланысты екенін көрсетеді. «Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында қорлауды болдырмауға болады ма?» деген сауалнамаға 61,6% иә, егер үлкендер дер кезінде байқаса деп, 23,2% иә, егер агрессор жазаланса деген, ал, 15,2 % мүмкін емес, бұл үнемі бола береді деп жауап береді (6-диаграмма).

6 – диаграмма


Сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға ересектер жеткілікті түрде көмектеспейді деп ойлайсыз ба?

1 642 ответа



Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында қорлауды болдырмауға болады ма?

1 642 ответа




«Білім беру ұйымындағы бұзақылықты кім тоқтата алады деп ойлайсыз?» деген сауалнамаға 43% педагогикалық ұжым деп жауап берсе, 38,2% оқушылардың өздері де тоқтата алады деп, ал 18,7% ата –аналар деп жауап берген. Сондықтан бұл көрсеткіштер оқушылардың ойы бойынша білім беру ұйымындағы бұзақылықтың алдын-алуда алдымен педагогикалық ұжымның орны ерекше екен деген тұжырымдауға негіз болды. «Сіз сыныпта мені төмен бағалайды және сыйламайды деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа 69,3% -жоқ деп, 23,9% кейде- десе, 6,8% иә деп жауап берген. Алайда аталмыш сұрақ негізінде оқушылардың өзін-өзі бағалаудың қалыпты екеінін байқауға болады (7-диаграмма).

7– диаграмма


Білім беру ұйымындағы бұзақылықты кім тоқтата алады деп ойлайсыз?

1 642 ответа



Сіз сыныпта мені төмен бағалайды және сыйламайды деп ойлайсыз ба?

1 642 ответа




«Егер де, сыныптасымды менің алдымда ренжітсе, мен.»- деген сауалнамаға – 73,7 % - әділетсіздікті сезініп, сыныптасымды жақтаймын десе, 16,2%- ештеңені сезінбеймін, бәлкім ол соған лайықты шығар деген, ал, 10,2 % -жеңілдікті сезінемін, бұл маған қатысты емес деп жауап берген. «Сен жалғыздық пен алаңдаушылықты жиі сезінесің бе?» деген сұраққа 54,7%- жоқ деп, 31,9% - кейде десе, 13,4%- иә деп, жауап берген. Бұл өз кезегінде оқушылардың басым көпшілігінде жалғыздық пен алаңдаушылықтың жиі сезінбейтіні байқалады. Дегенмен белгілі бір тобында бұл кедергілердің бар екенінде жоққа шығара алмаймыз. Бұл оқушылардың тұлғалық қалыптасып, дамуына кедергі келтіретіні айқын (8-диаграмма).

8 – диаграмма


Егер де, сыныптасымды менің алдымда ренжітсе, мен...

1 642 ответа



Сен жалғыздық пен алаңдаушылықты жиі сезінесің бе?

1 642 ответа




«Менің сыныптастарым менен жақсырақ сияқты деп ойлайсың ба?»- деген сұраққа 69%- жоқ, мен өзімді олардан кеммін деп ойламаймын десе, 10% - иә барлығы солай секілді дейді, ал 21% кейде деп жауап берген. «Сыныптастарыңның арасында достарың көп пе?» деген сұраққа 74,9%- иә, мен барлығымен доспын деп жауап берсе, 21,9%- менің санаулы ғана достарым бар дейді, 3,2% жоқ мен ешкіммен дос емеспін дейді (9-диаграмма).

9 – диаграмма


Менің сыныптастарым менен жақсырақ сияқты деп ойлайсың ба?

1 642 ответа



Сыныптастарыңның арасында достарың көп пе?

1 642 ответа



«Сенің сыныбыңда саған ұнамайтын балалар бар ма?» деген сауалнамаға 55,1% жоқ маған бәрі ұнайды десе, 38,2 % иә, бір-екеуі деген, ал 6,7% маған сыныптастарымның барлығы да ұнамайды деп жауап берген (10-диаграмма).

10 – диаграмма

Сенің сыныбыңда саған ұнамайтын балалар бар ма?


1 642 ответа



Сіздің ойыңызша, қорлау мәселесі бойынша кімнен көмек күтуге болады. (Маңыздылығы бойынша кезекпен орналастырыңыз, мұнда 1 ең маңызды, 5 маңызды емес) деген сауалнаманың көрсеткіші 11- диаграммада ұсынылады.

11 – диаграмма

Сіздің ойыңызша, қорлау мәселесі бойынша кімнен көмек күтуге болады. (Маңыздылығы бойынша кезекпен орналастырыңыз, мұнда 1 ең маңызды, 5 маңызды емес)



Диаграммада маңызды емес деп, көпшілігі мектеп әкімшілігін, мұғалімдерді және психологтарды атаса, қалғандары ата-аналарымен сыныптастарын атаса, ал маңызды деп сыныптастары мен ата-аналарын атап көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мәселесі мектеп оқушыларының әлеуметтік, отбасылық, жағдайларымен олардың жеке бағдарларын өзгерту арқылы оның өмірі мен мінез-құлқының сапасын жақсартуға ықпал ететін арнайы педагогикалық және тәрбиелік іс-шараларды қолдану арқылы өзгертуді қамтиды. Сонымен қатар, буллинг, зорлық-зомбылық жағдайларының алдын-алу шараларының негізгі мақсаты - оқушыларға стресстік жағдай мен агрессияны жеңе білуді үйренуге көмектесу.

Сондықтан, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша мына төмендегідей ұсыныстар береміз:

- девиантты міне құлықтағы мектеп оқушыларымен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру үшін педагогтарды даярлау және буллинг мәселелерін анықтау;
- балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік көңіл-күйін көтеруді қолдау;
- ата-аналар арасында әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық білім беру іс-әрекетін ұйымдастырып, өткізу;
- жарақаттанатын және әлеуметтік-психологиялық атмосфераның қауіпті жағдайды жою;
- балалар мен жасөспірімдердің толеранттылығы мен әлеуметтік құзыреттілігін дамыту;
- балалар мен жасөспірімдердің өзі туралы және қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы түсініктерін өзгерту бойынша кеңес беру, психологиялық тренингтер жүргізу.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> [Қаралған күні 14.09.2023]

[2] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». – Астана, 2020. – Кіру режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy [Қаралған күні 14.09.2022]

[3] Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілі және Норвегияның Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі. - Астана, 2013. – Кіру режимі: <http://unicef.kz/uploads/posts/00000837> [Қаралған күні 14.09.2022]

[4] Новикова М.А., Реан А.А. Семейные предпосылки вовлеченности ребенка в школьную травлю: влияние психологических и социальных характеристик семьи //Психологическая наука и образование. - 2018. - Том 23. - №4. - С.112-120

[5] Гринева Р.И. Явление буллинга в школе: учителя-жертвы //Вопросы педагогики. - 2020. - №11-2. - С.127-129. – Режим доступа: URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44305912> [Дата обращения: 18.11.2022]

[6] Молчанова Д.В., Новикова М.А. Противодействие школьному буллингу: анализ международного опыта. - М.: НИУ ВШЭ, 2020. – 72 с.

[7] Қазақстан kz порталы. https://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1

[8] Арымбаева К.М. Девиантты мінез-құлық жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту мазмұнын жобалаудың ғылыми негіздері. Докторлық диссертация. – Астана, 2010.

[9] Лэйн Д.А. Школьная травля (буллинг) //Детская и подростковая психотерапия /под ред. Д. Лэйна и Э. Миллера. - СПб., 2001

[10] Бочавер, А. А. Буллинг как объект исследований и культурный феномен / А. А. Бочавер, К. Д. Хломов //Психология. – 2013. – № 3. – С. 149– 159.

[11] Selekman Janice, Vessey Judith A. Bullying: It Isn't What It Used To Be //Pediatric Nursing. - 2004. - Vol. 30. - № 3.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respwblıkasında mektepke deyingi, orta, texnikalıq және kәсіptik bilim berwdi damıtwdıñ 2023 – 2029 jıldarǵa arnalǵan tujırımdamasın bekitw twralı Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniñ 2023 jılǵı 28 nawrıздаǵı № 249 qawlısı (On approval of the Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023 – 2029 Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 249). - Kirw rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> [Qaralǵan küni 14.09.2023] [in Kaz]

[2] Memleket bassısı Qasım-Jomart Toqaevtıñ Qazaqstan xalqına Joldawı: «Sındarlı qoǵamdıq dialog – Qazaqstannıñ turaqtılıǵı men örkendewiniñ negizi», 2020 jıl (Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan: "constructive public dialogue is the basis for stability and prosperity of Kazakhstan", 2020) - Kirw rejimi: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy [Qaralǵan küni 14.09.2023] [in Kaz]

[3] Qazaqstan mektepterindegi balalarga qatıstı zorlıq-zombılıqtı baǵalaw. Qazaqstan Respwblıkasındaǵı Adam quqıqtarı jönindegi wäkili және Norvegıyanıñ Sırtqı ister mınıstrliginiñ qoldawımen Qazaqstandaǵı YuNİSEF ökindigi. (Assessment of violence against children in schools in Kazakhstan. Commissioner for Human Rights in the Republic of Kazakhstan and UNICEF representative office in Kazakhstan with the support of the Norwegian Ministry of Foreign Affairs). - Astana, 2013 - Kirw rejimi: <http://unicef.kz/uploads/posts/00000837> [Qaralǵan küni 14.09.2023] [in Kaz]

[4] Novikova M.A., Rean A.A. Novikova M.A., Rean A.A. Semeynyie predposylki vovlechnosti rebenka v shkol'nuyu travlyu: vliyaniye psikhologicheskikh i sotsial'nykh kharakteristik sem'i (Family prerequisites of a child's involvement in school bullying: the influence of psychological and social characteristics of the family) //Psikhologicheskaya nauka i obrazovaniye. - 2018. - Volume 23. - No. 4. - pp. 112-120 [in Rus]

[5] Grineva R.I. Grineva R.I. Yavleniye bullinga v shkole: uchitelya-zhertvy (The phenomenon of bullying at school: victim teachers) [Electronic resource] //Voprosy pedagogiki. - 2020. - No.11-2. - pp.127-129. Rezhim dostupa: URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44305912> [Data obrashcheniya: 18.11.2022]. [in Rus]

[6] Molchanova D.V., Novikova M.A. Protivodeystviye shkol'nomu bullingu: analiz mezhdunarodnogo opyta (Countering school bullying: an analysis of international experience). - Moscow: HSE, 2020. - 72 p. [in Rus]

[7] Qazaqstan kz portalı (Kazakhstan KZ portals) https://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1 [in Rus]

[8] Arymbayeva K. M. Devianttı minez-qulıq jasöspirimderdi älewmettik-pedagogikalıq oñaltw mazmunın jobalawdıñ ğılımı negizderi (There is no science in designing the social and pedagogical rehabilitation of deviant minesweepers). Doktorlıq dissertaciya. - Astana, 2010.

[9] Lane D.A. Shkol'naya travlya (bulling) (School bullying) //Detskaya i podrostkovaya psikhoterapiya / ed. D. Lane and E. Miller. - SPb., 2001 [in Rus]

[10] Bochaver, A.A. Bulling kak ob"ekt issledovaniy i kul'turnyy fenomen (Bulling as an object of research and a cultural phenomenon) /A. A. Bochaver, K. D. Khlomov //Psikhologiya. - 2013. - № 3. - P. 149-159 [in Rus]

[11] Selekman Janice, Vessey Judith A. Bullying: It Isn't What It Used To Be //Pediatric Nursing. - 2004. - Vol. 30. - № 3.

ПРАКТИКА ПРОФИЛАКТИКИ БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА СРЕДИ ПОДРОСТКОВ ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Асылбекова М.П.¹, *Шалгынбаева К.К.², Шолпанкулова Г.К.³

¹к.п.н., асс.профессор, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru

^{*2}д.п.н., асс.профессор, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
e-mail: kadisha1954@mail.ru

³к.п.н., асс.профессор, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
e-mail:sh.gul@mail.ru

Аннотация. В статье описывается важность профилактики буллинга и кибербуллинга среди детей и подростков в общеобразовательных школах Атырауской области на практике и определения их социально-психологических особенностей. Вместе с тем, использовалась анкета, состоящая из нескольких вопросов, которые определяют знания подростков о буллинге и кибербуллинге, также о существовании этих явлений среди них. Меры профилактики буллинга и кибербуллинга среди подростков способствуют изложению результатов анализа, проведенного с целью определения уровня буллинга в школах и его влияния на поведение, характер эмоциональной реакции в ситуациях буллинга и кибербуллинга подростков в Атырауской области. Буллинг и кибербуллинг является проблемой именно подростков, так как данная возрастная категория наименее защищена от воздействия окружающих факторов. Кроме того, развитию буллинга и кибербуллинга способствует микроклимат образовательных организаций и в семье. Если все участники образовательного процесса активно занимаются проблемой буллинга и кибербуллинга то велика вероятность предотвращения многих конфликтов. Предотвращение буллинга и

кибербуллинга должно включать аспекты безопасности, предупреждения, устранения препятствий и контроля. Поэтому подросток боится рассказать окружающим о давлении на него, чем и пользуются агрессоры, из-за чего становится замкнутым, появляется чувство страха и паники. В связи с этим необходимо проводить профилактическую работу в школе, работая с учащимися и учителями, а также вести постоянное наблюдение за поведением и атмосферой в классе для того, чтобы своевременно среагировать на появление этих двух явлений.

Ключевые слова: буллинг, кибербуллинг, обидчик, насилие, психологическая защита, социально-психологическая специфика, эмоциональная и агрессивная реакция, рефлексия

EXPERIMENTS ON THE PREVENTION OF BULLYING AND CYBERBULLYING AMONG TEENAGERS IN ATYRAU REGION

Asylbekova M.P.¹, *Shalgynbayeva K.K.², Sholpankulova G.K.³

¹ c.p.s., ass. Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru

^{*2}d.p.s., ass.professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

e-mail: kadisha1954@mail.ru

³c.p.s., ass. professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

e-mail:sh.gul@mail.ru

Abstract. The article describes the importance of preventing bullying and cyberbullying among children and adolescents in general education schools in the Atyrau region in practice and determining their socio-psychological characteristics. At the same time, a questionnaire was used, consisting of several questions that determine the knowledge of adolescents about bullying and cyberbullying, as well as the existence of these phenomena among them. Measures to prevent bullying and cyberbullying among adolescents contribute to the presentation of the results of an analysis conducted to determine the level of bullying in schools and its impact on behavior, the nature of the emotional reaction in situations of bullying and cyberbullying of adolescents in the Atyrau region. Bullying and cyberbullying is a problem of adolescents, as this age group is the least protected from the impact of environmental factors. In addition, the development of bullying and cyberbullying greatly affects the microclimate of scientific organizations and in the family. If the problem of bullying and cyberbullying is actively spread among all participants in the developing process, then the probability of detecting diseases is high. The prevention of bullying and cyberbullying must have aspects of security, presence, reach and control. Therefore, the teenager is afraid to tell others about the pressure on him, which is what the aggressors use, because of which he becomes withdrawn, a feeling of fear and panic appears. In this regard, it is necessary to carry out preventive work in the school, working with students and teachers, as well as to constantly monitor the behavior and atmosphere in the classroom in order to respond in a timely manner to the appearance of these two phenomena.

Key words: bullying, cyberbullying, offender, violence, psychological defense, socio-psychological specificity, emotional and aggressive reaction, reflection

Статья поступила 27.07.2023